

ХАТТАМА №5

Құлсары қаласы

Уақыты: 25.02.2022 жылы, сағат 15:00

Өткен орны: Ақкиізтоғай ауылдық округі әкімі аппаратының акт залы

Ұйымдастырушы: «Жылыойгаз» ЖШС

Қатысқандар:

1. Жакашев Г.М - Жылыойгаз ЖШС директоры
2. Бертлеуова С - ГҚЖҚҚЖБ бастығы
3. Изматова У – өткізу қызметінің жеке тұлғалар бойынша менеджері
4. Утаров С - өндірістік техникалық бөлім инженері
5. Сулейменова Ш - экономист
6. Аудандық мәслихаттан маман – Замханов Ж
7. Ақкиізтоғай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы - Сұлтанбек Б

Күн тәртібі:

1. Әлеуметтік желілерде газ бағасына қатысты туындап жатырған халықтың сұрағына ашық сұхбат түрінде жауап беру, жалпы серіктестіктің қызметі бойынша ақпарат жеткізу.

Халықпен болған ашық сұхбатты Ақкиізтоғай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы ашып, «Жылыойгаз» ЖШС директоры Г.М.Жакашевке сөз берді. Халықтың қатынасуы аз болды. Жиын бірден сұрақ-жауаптан басталды.

Кудабаева К – суы, газы жоқ жерден жер алып едік, енді газ құбырын тартпақшымын, бәрі жүргізіліп тұр. Соны қоса беруіме бола ма?

Нұрсалимқызы Фаруза - Көп балалы аналарға, алтын алқасы бар аналарға, мүгедектерге, жалғызбасты жандарға - үй салғанда газдандыруға немесе басқа да жеңілдік қарастырылған ба?

Лепенова Жанаяул - көшедегі тіреулері қисайып, желге селкілдеп тұрған газ құбырларына жөндеу жүргізіле ме?

Ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы - әлеуметтік желідегі газ бағасына қатысты мәлеметтерге тоқталуды, техникалық қамту қызметінің құнына тоқталуды сұрады.

«Жылыойгаз» ЖШС директоры Г.Жакашев сөз алып, ТШО-ның 1 текше метрге шаққандағы сату бағасы – 5,67 теңге. Мұны компания басшылығы жоғарғы жақтағы министрлікпен келісіп бекітеді. Ал, біздің тариф облыстық табиғи монополияларды реттеу агенттігінің қадағалауында. Біз өз кезегімізде сатып алған газды Құлсары қаласына тасымалдап, тұтынушыға сатамыз. Тасымалдау тарифіміз – 1 текше метр үшін 2,10 теңге, сонда көгілдір отын құны ауданға жеткенше қосымша құн салығынсыз 7,77 теңге,

қосымша құн салығын қосқанда 8,70 теңгені құрайды. Өкілетті органның талабы бойынша 3 жыл бойына газ бағасы өсірілмеді, қазіргі таңда ауданда газ қосымша құн салығын қосқанда 7,68 теңгеге сатылып отыр, яғни біз әр 1 м3 газ үшін 1,02 тг ұтылып отырмыз деді.

Бір сөзбен айтқанда, біз табиғи газды «Теңізшевройлдан» қымбатқа сатып алып, халыққа арзанға беріп отырмыз. Себебі: жоғарыда айтып өткеніміздей, ТШО теңгенің құнсыздану деңгейіне байланысты газ бағасын жыл сайын қымбаттатумен келеді, ал біз 2020 жылғы тарифты өзгертпедік. Арзандатуды Теңізден (Теңізшевройл ЖШС-нен) бастау керек және осы мақсатта біз өз тарапымыздан тиісті хаттарды жолдадық. Бұл сұрақ күн тәртібінен түспейді деді. Одан бөлек тәулік бойына 104 телефоны, апаттық бригада жұмыс жасап тұрғандығын да қоса айтып, жиынды қорытындылады.

Отырыс төрағасы:
«Жылыойгаз» ЖШС директоры

Отырыс хатшысы:
Заң кеңесшісі



Жакашев Г.М

Кусаинова Н